



ÓZEN

АРНАЙЫ БАСЫЛЫМ 2022 ЖЫЛ

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

ӨЗЕНМҰНАЙГАЗДЫҚТАР — ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА

КОМПАНИЯ БАСШЫЛЫҒЫ 7 ҚАЗАН КҮНІ АҚТАУ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ӘУЕЖАЙЫНАН «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ҚЫЗЫЛОРДА
ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН «ҮЗДІК МАМАН – 2022» КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК БАЙҚАУЫНЫҢ
ФИНАЛЫНА ҚАТЫСҚАН ҮЗДІК МАМАНДАРДЫ КҮТІП АЛДЫ.



Ақтық кезеңнің жеңімпаздарына дәстүрімізге сай шұбат пен бауырсақ ұсынылып, бас директордың бірінші орынбасары Нұржан Әбдірахманов, әлеуметтік саясат жөніндегі басқарушы директор Бауыржан Жұбаназаров, персоналды басқару және дамыту департаментінің директоры Мәмбет Бигелдиев құттықтау сөз сөйлеп, бас директордың сәлемін жеткізді.

– 3-6 қазан аралығында «Қазгермұнай» БК» ЖШС өндірістік нысандарында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобы жұмысшылары арасында өткен, атап айтатын болсақ Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан облыстарының мұнай-газ саласындағы 17 жетекші кәсіпорнынан 120 қатысушы жиналған конкурста жүлделі үштік құрамына кірген Өздеріңізді шын жүректен құттықтаймыз. Сіз бен біздің бағындырар биігіміз бен алар асуымыз әлі алда. Жеңісті күндер бұнымен тоқтап қалмайды. «Өзенмұнайгаз» сіздерді әрдайым мақтан тұтады және мерейлеріңіз үстем болғанын қалайды, – деді бас директордың бірінші орынбасары.

Байқаудың мақсаты – өнеркәсіп жұмысшыларының арасында озық тәжірибелі мамандарды анықтау, жұмысшылардың кәсіби деңгейі мен теориялық даярлығын, өндіріс тиімділігін арттыру, олардың шығармашылық белсенділігін дамыту, сондай-ақ еңбектің озық әдістері мен тәсілдерін енгізу және мұнай-газ саласындағы жұмысшы кәсіптерінің беделін арттыру, – дейді ұйымдастырушылар.

Мұнай және газ өндіру операторы, ұңғымаларды зерттеу операторы, тауар операторы, қабат қысымы

сақтау операторы, жөндеу және технологиялық жабдықтау қызмет көрсету слесарі, электргазбен дәнекерлеуші, электромонтер, химиялық талдау зертханашысы, технологиялық қондырғылар операторы, компрессорлық қондырғылар машинисі, ұңғымаларды күрделі жөндеу бригадалары, ұңғымаларды жерасты жөндеу бригадалары арасында үздік мамандар анықталған конкурста компания жұмысшылары ерекше көзге түсіп, топ жарып, жүлделі 2-орынды иеленді.

Үздіктер қатарынан көрінген:
Күнсұлу Құдайбергенова – химиялық талдау зертханашысы;

Байжан Дауылов – темір жонушы;
Мақсат Айдарханов, Зұлқарнай Мұрзабеков, Нұрлыбек Нәукебаев, Мақсат Есбағамбетов – Скважиналарды жерасты жөндеу операторы;

Венера Мавлаевева, Солтанат Зиганшина – тауар операторы.

Еске сала кетейік, аталған байқауда мамандар екі кезең бойынша сынға түсті. Біріншісінде компьютердегі тест арқылы қатысушылардың теориялық білімі тексеріліп, ал екінші кезеңде байқауға қатысушылар «Ақшабұлақ» және «Нұралы» кен орындарында практикалық тапсырмаларды орындады.

Қазылар алқасы қатысушылардың теориялық дайындық деңгейін, белгіленген уақытта практикалық тапсырманы орындау сапасын, еңбек қауіпсіздігі техникалары мен еңбекті қорғау қағидаларын сақтауын, еңбек өнімділігін, жұмыста озық әдістерді қолдана білуін бағалады.

АНОНС

4

«ҮЗДІК МАМАНМЕН»
МЕКЕМЕ
АБЫРОЙЫ АРТТЫ



»



КОМПАНИЯ
МАҚТАНЫШЫ –
БАҚТЫБЕК
ЖАҚСЫЛЫҚОВ

5

«

Атқарылған жұмыстар талқыланды

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ АКТ ЗАЛЫНДА ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНДА
АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ
ОРЫНДАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЖИНАЛЫС ӨТКІЗІЛДІ.

А талаған шараға ӨҚБ және департамент директорлары, қызмет жетекшілері, мердігер мекеме өкілдері қатысты.

Мақсат Ибағаров бас директордың бірінші орынбасары /«ӨМГ» АҚ кен орындарын оңалту бойынша жоба жетекшісі/ лауазымына Нұржан Әбдірахмановтың тағайындалғанын мәлімдеді.

Басқосуда компания өндірістік-техникалық, экономикалық-қаржылық көрсеткіштері, жерасты жабдықтау мен арнайы техникаларды жаңарту процесі, Өзен кен орны өндірістік және қаржылық тиімділігін барынша арттыру қажеттілігі айтылды.

Бекітілген жоспарға және ай сайынғы хаттамаға сәйкес орындалған жұмыстар туралы басқарма басшылары есеп беріп, кезек күттірмейтін мәселелерді жеделдетіп шешу бойынша тапсырмаларын алды.

Мақсат Оңғарбайұлы скважиналарды жерасты және күрделі жөндеу бригадаларының жұмысын жүйелеп, мұнай өндіру көлемін арттыру керектігіне тоқталып өтті.

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ
сенім телефоны жұмыс істейді



Компания қызметкерлерінің өз міндеттеріне салғырт қарауын болдырмау мақсатында Қауіпсіздік департаментінің «сенім телефоны» жұмыс істейтінін хабарлайды. Қызметкерлер сенім телефонына жұмыс бабында орын алған құқық бұзушылық немесе келеңсіз жағдайдың алдын алу, қитұрқы әрекетті болдырмауға ықпал ететін өзге де маңызды ақпаратты хабарлай алатындығын қаперіңізге береміз.

Хабарлаушы азамат есімінің құпия сақталуына кепілдік беріледі. Қауіпсіздік департаментінің сенім телефоны: +7 (72934) 65-1-54. Электронды поштасы: doverie@umg.kmger.kz



Келешекте бағындырар БЕЛЕС КӨП

Қызылорда қаласында өткен «Үздік маман» шеберлік байқауда топ жетекші болған, «Өзенмұнайгаз» АҚ мұнай және газ өндіру департаменті директорының орынбасары Орынғали Телеғұсовтан байқаудың қалай өткені туралы сұраған едік.

«Үздік маман» байқауы қай кезден бастап өткізіліп келеді?

– Бұл байқау Совет үкіметі кезінде пайда болған. Ол кездері сайыс ара-тұра болып тұрған. Одақ ыдыраған кезеңде «Өзенмұнайгаз» АҚ дербес компания болды. Жалпы мұнай компаниялары арасында ең алғаш жарыс 2007 жылы басталды. Байқаудың мақсаты – жұмыскерлердің кәсіби, теориялық дайындық деңгейін жоғарылату, өндіріс тиімділігін арттыру болып табылады.

– Үздік маман байқауының мұнайшыларға тигізер пайдасы қандай?

– Пайдасы ұшан-теңіз. 2019 жылы Татарстанда «Татнефть» компаниясында өткен байқауға біздің жігіттеріміз қатысып, тәжірибе алмасып қайтты. Байқау барысын, татарлардың мұнайшылар мерекесін қалай атап

өтетінін көріп қайтты. Байқау үлкен мерекеге ұласты. Бізге берері көп, үлгі аларлық мерекелік шара болды. Осының бәрі мұнайшылардың көңілін көтеріп, еңбекке деген құлшынысын арттыратын шара болғаны сөзсіз. Сондай-ақ байқаудың 3-туры жеңімпаздарының жалақысына үстемақы қосылады.

– Бұл жолғы байқау несімен ерекше болды?

– Байқауға барған біздің мұнайшыларымыз «Ембімұнайгаз», «Маңғыстаумұнайгаз», «Қаражанбас», «Қазгермұнай», «Қазақойл», «Қазақтүрікмұнай» компаниялары қатысушыларының арасында екі кезеңнен тұратын сынға түсіп, бақ сынады. Бірінші кезеңде компьютер көмегімен тест тапсырып, теориялық білім бойынша, екінші кезеңде «Ақшабұлақ» және «Нұралы» кен орындарында практикалық тапсырмалар орындап жарысты. Қазылар алқасы қатысушылардың теориялық, практикалық сауаттылығын бағалады. Мұнайшылар өзара пікір алмасты. Олар сайысқа қатысу арқылы жұмысты оңтайландыру әдісі мен тәсілін үйренді.

– Сайыстың ұйымдастырылу деңгейі туралы айтып берсеңіз? Біздің қатысушыларымыздың нәтижесі қандай?

– Кәсіби шеберлік байқау жақсы ұйымдастырылды. Барлық жағдай жасалды. Әділ өтті. Біздің компаниядан 26 адам болды. Соның ішінде 14 қатысушы, 12 жетекші 10 мамандық бойынша сайысты. Айта кету керек, бұл жігіттер скважиналарды жерасты жөндеу бойынша өндіріс басына барып 15-20 минут танысып, бұрын қолданбаған тәсілдерді көрсетті. Біздің жігіттер қарсыластарын басып озып, 2-орын иеленді. Бәріне көп-көп рақмет айтамын. Бұл азаматтар біздің компанияның бетке ұстар мамандары. Біз енді алдағы уақытта келесі жарысқа жақсырақ дайындалып, бұдан да жақсы нәтиже көрсетеміз. Бұрын жүлделі орындарымыз көп болатын. Пандемиядан кейін, дайындығымыз нашарлау болды. Алдағы мақсатымыз, жарысқа дайындықты ертерек бастап, теориялық сұрақтарды меңгеріп, 2-турдың жеңімпаздарына әр мекемеге өзінің тәжірибелі тәлімгерін бекітіп, дайындаймыз. Бұл үрдіс жалғасын табады деген үмітіміз бар.

Үздік маман байқауы – бір салада, түрлі мекемеде жұмыс жасайтын әріптестердің білімі мен тәжірибесін бөлісетін, шеберлігін шыңдайтын, өзара қарым-қатынасын нығайтуға септігін тигізіп отырған сайыс. Байқау жыл сайын жалғасын тауып, қомақты нәтиже көрсетсек дейміз.

– Өңгімеңізге рақмет!

Үздіктердің қатарына болғанымызға ризамыз



Әр саланың «жілігін шағып, майын ішкен» қызметкерлерін анықтау мақсатында елімізде кәсіби байқаулар жыл сайын ұйымдастырылады. Жуырда «Қазгермұнай» өндіріс ошағында мұнайшылар арасындағы «Үздік маманды» анықтайтын ауқымды шара өтті. Қызылорда қаласында өткен байқауға еліміздің бірнеше қалаларынан 120 үміткер бақ сынасты. Шымкент, Ақтөбе мен Маңғыстау облыстарынан, сондай-ақ Атыраудан барлығы 17 кәсіпорын қатысты. Шара жоғары деңгейде өтті. Сайысқа қатысушы 120 жұмысшы қазылар алқасы алдында өздерінің біліктілігі мен іскерлігін, тәжірибесін ұсына отырып, кәсіби өрлеу үшін маңызды мүмкіндіктерге қол жеткізді. Байқауға мұнайшы жігіттермен қатар, нәзік жанды арулар да қатысып, жеңіспен оралды.

Гүлжан Ізбасова, МДЖӨҚКБ, орталық зертхана басшысы:

– Цехта елу нәзік жандылар жұмыс істейді. Олар екі ауысымда еңбек етеді. Негізгі жұмысымыз мұнайдың құрамын анықтау, мұнай құрамындағы су мен тұзды зерттей келе, бірнеше сараптама жасаймыз. Сонымен қатар су мөлшерін де қалыпты ұстап тұру үлкен жауапкершілікті, тексерісті талап етеді. Мекемеге 2002 жылы алғаш рет жұмысқа орналастым. Биылғы байқау Қызылорда қаласында өтті. Қызылорда халқы баршамызды қонақжайлығымен қарсы алды.

Салтанат Зиганшина, тауар операторы:

– Алғашқы еңбек жолым 2009 жылдан бастау алады. Машинист болып, көп ұзамай зертханаға қызметке орналастым. Қызылордада өткен сайысқа қатыса отырып, өндірістік тәжірибемізді әрмен қарай молайтуға мүмкіндік алдық. Еліміздің түкпір-түкпірінен ат басын бұрған әріптестерімізді көрдік. Көңілімізге қуаныш сыйлайтын тамаша жандармен уақытты ұтымды өткізе отырып, байқаудан көп тәжірибе жинақтап қайттық.

Бауыржан Қойшыбаев, мұнай дайындау және жөнелту цех бастығының орынбасары:

– 2008 жылы жас маман ретінде «Өзенмұнайгаз» компаниясына жұмысқа орналастым. Сан алуан техниканы меңгеріп, түрлі қызметтерді де атқардық. Өндірісте орындайтын басты мақсатымыз – мұнайды өндіре отырып, экспортқа шығару. Байқау екі талап бойынша жүзеге асырылды. Бірінші кезең теория болды. Екінші кезең «Ақшабұлақ» және «Нұралы» кен орындарында өтті. Бұл жерде өндіріске қатысты тапсырмалар орындалды. Яғни, қажетті құрал-жабдықтарды сәйкесінше топтастыру, уақытқа сай жинау. Сайыста бәсеке басымдық болды. Еңбек жолын енді бастаған жас мұнайшылар үшін бұл байқау өте әсерлі, әрі әділ өтті деп ойлаймын.

Венера Мавлаеве, тауар операторы:

– 1995 жылы цехқа жұмысқа орналастым. Бастапқыда оператор, сосын машинист болдым. Қазіргі таңда қайтадан операторлық жұмысты алып жүрмін. Бір цехта тапжылмастан отыз жылға жуық жемісті еңбек етіп келемін. Кадр тапшылығы қай жерден байқалса, сол жұмысты ауырсынбай алып кеттім. Біз заманауи технологиялардың көмегімен мұнайды өңдей отырып, сатылымға шығарумен айналысамыз. Бұл байқауға алғаш 2016 жылы қатысқанмын. Цех қызметкерлері арасында өткен тест және өндірістік тәжірибе бойынша сайыста біз бірінші орынды алдық. Байқауға, яғни тестке өзіміз шамамыз жеткенше дайындалдық. Қызылордадағы сайыстан өте керемет әсермен оралдық. Әріптестеріміздің қолдауының, ерекше ықыласының арқасында сенімдерінен шыға білдік деп айта аламын. Сайыстың жоғары деңгейде өтуіне мұрындық болған ұйымдастырушыларға алғысымды білдіремін.



МАМАНДЫҒЫМ - МАҚТАНЫШЫМ

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН «ҮЗДІК МАМАН» БАЙҚАУЫ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ. КОМАНДАЛЫҚ ТОПТА ЖАРЫС ЖОЛЫНА ШЫҚҚАН «ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» КОМПАНИЯСЫНЫҢ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ ЖҮЛДЕЛІ ОРЫНҒА ИЕ БОЛЫП, ЖАҢАӨЗЕННИҢ МЕРЕЙІН ҮСТЕМ ЕТТІ. КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІ МЕН ШЕБЕРЛІГІНІҢ АРҚАСЫНДА КОМАНДАДАҒЫ ТӨРТ АЗАМАТ НАМЫСТЫ ҚОЛДАН БЕРМЕЙ, ЖОҒАРЫ ДӘРЕЖЕДЕ ӨНЕР КӨРСЕТТІ. ОСЫ РЕПТЕ ЖАҢАӨЗЕНГЕ ЖЕҢІСПЕН ОРАЛҒАН ЖЕҢІМПАЗ АҒАЛАРЫМЫЗДЫ АРНАЙЫ ІЗДЕП БАРЫП, ТІЛДЕСІП ҚАЙТҚАН ЕДІК.

САЙЫС АДАМҒА ҚАНАТ БІТІРЕДІ



Мақсат Есбағамбетов, БЖБ СЖЖЦ бұрғышысы:

– 1995 жылдың сәуір айында «Жеңдеу» ЖШС еңбек жолымды бастадым. Осы мекемеде көмекші-бұрғышы ретінде 2008 жылға дейін жұмыс атқардым. 2011 жылға дейін бұрғышы болдым. 2012 жылы БЖБ мекемесіне бұрғышы болып еңбегімді жалғастырудамын. Бұл сайысқа мен бұрғышы ретінде алғаш рет қатыстым. Бастапқыда қобалжығанымды жасыра алмаймын. Себебі алғаш рет қатысып отырғандықтан, аздап жүрексінгенім рас. Байқаудың екінші талабы – практикаға негізделді. Бұл кезеңде қатысушылар шеберлігі мен жылдамдығы, ептілігі көзге түседі. Техника қауіпсіздігі басты назарда болды. Отбасылымын, төрт баланың әкесімін.

Жалпы Қызылордада өткен «Үздік маман» сайысына «Өзенмұнайгаз» он аталым бойынша 26 адам қатысты. Республикалық бай-

қауға бақ сынау үшін бұл ағалар мекемеаралық сайыстардан сүрінбей өткен. Өз саласының білікті мамандары осылайша үздіктер қатарынан танылып, жеңісті қанжығасына байлап қайтты. Мұнай саласында жүрген барша азаматтардың сенімін ақтап, жастарға үлгі-өнеге көрсете білген мықты мамандарымызға тек биіктерден көріне берсін демекпіз. Еңбектеріңіз бағаланып, ерқашан қызметте өрлей беріңіздер!

Мақсат Айдарханов, БЖБ СЖЖЦ операторы:

– Алғашқы еңбек жолым 1991 жылдың соңында басталды. Үш жыл қатарынан барлауда бұрғылау командирі болып жұмыс істедім. 1994 жылы «Өзенмұнайгазға» ауыстым. Сол уақыттан бері қазірге дейін жерасты скважиналарын жөндеу жұмыстарын жүргізіп келеміз. Отбасым бар. Құдай қосқан жарым, Алла берген үш перзентім бар. Жағдайымыз жақсы. «Үздік маман» байқауына 2011 жылдан бері қатысып келемін. 2019 жылы Татарстан Республикасына барып, бағымызды сынадық. Қызылордада өткен сайыста жүлделі екінші орынды жеңіп алдық. «Үздік маман» сайысына сайдың тасындай кілең мықты мамандар қатысты. Өз кәсібімізді жан-жақты игергендіктен, бізге сайыс аса қиындық туғызбады. Теория және өндіріске қатысты сауалдар мен тапсырмаларды бұлжытпай орындадық.

Зұлқарнай Мұрзабеков, БЖБ СЖЖЦ операторы:

– Еңбек жолымды слесарь болып 1995 жылдан бастадым. Алты айдан соң, яғни 1996 жылы әскерге шақырту алдым. Азаматтық борышымды Шымкент қаласында өтедім. Әскерден аман-есен оралып, бұрғылау орнында жұмысымды жалғастырдым. Атқаратын шаруам үлкен жауапкершілік жүктейді. Насостар мен штангаларды ауыстырамыз. Бригадамыз он екі жұмысшыдан тұрады. Ауысымда машинист, оператор және көмекші оператор жұмыс істейді. Қызылорда қаласында өткен байқауға қатысу арқылы мол тәжірибе жинап қайттық. Жұмысты орындау барысында біраз айырмашылық барын аңғардық. Жұбайым екеуміз төрт қыз, екі ұлды өмірге әкеліп, тәрбиелеп отырған жайымыз бар. Анамның қолында тұрамыз. Жұмыстан қолымыз босай қалса, уақытымызды үйдің шаруасына арнап, балаларыммен бірге қызықты өткізуге тырысамын.

Нұрлыбек Наукебаев, БЖБ СЖЖЦ машинисі:

– 1993 жылы №1 СҚКБ-да слесарьдың көмекшісі болып алғашқы жұмысымды бастадым. Сол жерден әскерге шақырылдым. 1994-96 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты Сарыағаш қаласында әскер қатарында азаматтық борышымды атқарып келдім. Туған жеріме оралып, жұмысымды жалғастырдым. 2000 жылы машинист ретінде бағымды сынадым. Қазіргі уақытқа дейін машинист болып еңбек етіп келемін. Командалық жұмыс болған соң, осы жігіттермен бұрғылауға қатысты барлық шаруаны бірге атқарамыз. «Өзенмұнайгаз» АҚ атынан сайыста бағымызды сынағандықтан, бүкіл шығынды басшылық қолдарына алды. Осы ретте аталмыш өндіріс орнының басшылығына командалық атынан шексіз ризашылығымызды білдіреміз. Бес күнге созылған сайыста туған жеріміздің намысын қорғап, жүлделі орынға ие болғанымыз – біз үшін үлкен мақтаныш, зор абырой! Отбасылық жағдайыма келер болсам, әйелім екеуміз төрт баланың ата-анасымыз. Тұңғыш балам студент.

ЖЕТІСТІК СИНЕРГИЯСЫ

ҚР ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ БАСТАМАСЫМЕН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН «ИГІ ІСТЕР МАРАФОНЫ» ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫНДА «БАЛАҚАЙ» ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛЫП, 2 ЖЫЛДАН БЕРІ ЖИЫРМАДАН АСТАМ БАЛАНЫ АЯҒЫНА ТҰРҒЫЗЫП, ОН БЕС БҮЛДІРШІННІҢ ТІЛІНІҢ ШЫҒУЫНА СЕПТІГІН ТИГІЗІП, ЕЛ СҮЙІСПЕНШІЛІГІНЕ БӨЛЕНІП КЕЛЕДІ.



Арнайы медициналық білімі бар білікті мамандар жұмыс жасайтын орталықта емдік дене шынықтыру, гидротерапия, физиотерапия, массаж, арнайы жабдықта иппотерапия, психологиялық-педагогикалық түзету сияқты кешенді оңалту қызметінің 9 түрі көрсетіледі.

Бұрын ем-дом алу үшін басқа қалаларға қатынап жүрген бүлдіршіндер үшін қолайлы жағдай тудырған орталық қызметкерлеріне арнап «Өзенмұнайгаз» АҚ 23-24 қазан күндері облыс орталығында екі күндік «Жетістік синергиясы» атты семинар-тренингін өткізді.

Тренинг психологиялық сауаттылық пен ұйымдастырушылық қабілетті арттыруға, командалық жұмыс дағдыларын жетілдіруге бағытталған. Бұдан бөлек оларға медицина авиация дәрігері шұғыл жағдайда алғашқы көмек көрсету мастер-класын өткізді.

Шара соңында «Балақай» орталығының мамандары өздеріне құрмет көрсетіп, қамқорлық танытқан компания басшылығына шексіз алғысын білдіре отырып, алдағы уақытта да жаңаөзендік бүлдіршіндердің денсаулығын оңалтуда аянбай тер төгіп, бар күш-жігерін жұмсап, адал еңбек ететіндерін жеткізді.



«ҮЗДІК МАМАНМЕН» МЕКЕМЕ АБЫРОЙЫ АРТТЫ

ЕКІНШІ АРИСТОТЕЛЬ АТАНҒАН ҰЛЫ ҒҰЛАМА ӘЛ-ФАРАБИ «ІСІМ ОҢСЫН ДЕСЕҢІЗ, СОЛ ІСТІҢ МАМАНЫ БОЛЫҢЫЗ, ДАҢҚЫМ ШЫҚСЫН ДЕСЕҢІЗ, КӨПШІЛІКТІҢ АДАМЫ БОЛЫҢЫЗ» ДЕГЕН ЕКЕН. ОСЫНАУ АСТАРЫ ТЕРЕҢ ҰЛАҒАТЫ СӨЗДІҢ ДАНАЛЫҒЫН ДӘЛЕЛДЕП «ҮЗДІК МАМАН» АТАНҒАН, ІСІНЕ БЕРІК КӘСІБИ ЗЕРТХАНАШЫ КҮНСҰЛУ ШОРАБАЙҚЫЗЫ ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА.

Казіргі таңда Күнсұлу Шорабайқызы «Өзенмұнайгаз» АҚ Мұнай дайындау және өндіріске қызмет көрсету басқармасы Орталық Зертханасының 4 дәрежелі зертханашысы. Дәстүрлі сынға алдымен өз басқармасының ортасында, одан кейін барлық қоғам мамандарының арасында іріктеуден өтіп, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобы жұмысшылары арасында ұйымдастырылатын кәсіби шеберлік байқауына жолдама алады. 3-6 қазан аралығында Қызылорда қаласы «Қазгермұнай» БК» ЖШС өндірістік нысандарында үздік мамандар бас қосқан байқауда біліктілігін дәлелдеп, екінші жүлделі орынға ие болады. Екі кезең бойынша сынға түскен мамандар алдымен компьютермен тест тапсырып, теориялық білімдерін сынаса, екінші кезеңде «Ақшабұлақ» және «Нұралы» кен орындарында практикалық тапсырмалар орындаған.

– Химиялық талдау зертханашысы номинациясы бойынша 11 маман сынға

түстік. Барлығы да өз ісінің мықтылары. Теориялық сынақта 30 сұраққа жауап бердік. Практикаға берілетін 25 минут ішінде ГОСТ 3900-85 бойынша мұнай тығыздығын өлшеп шығаруымыз қажет болды. Мұнда жылдамдықпен қатар кәсібилік, ұқыптылық, дәлдік өте маңызды, – деді К.Құдайбергенова.

Үздік маманымыз 1966 жылы Қарақалпақстан Республикасы Қожелі ауданында өмірге келген. Отбасы 1983 жылы Алматыға қоныс аударады. Араға үш жыл салып, 1988 жылы Алматы қалалық медицина училищесін медбике мамандығын тәмамдаған кейіпкеріміз алғашқы еңбек жолын Алматыдағы №5 қалалық ауруханасының Хирургия бөлімшесінде бастайды. 1993 жылы Жаңаөзен қаласына көшіп келіп, перзентханаға жұмысқа орналасып, аға медбике болады.

Өмір бойы ізденуді, оқуды мұрат еткен жан ретінде Күнсұлу Шорабайқызы 2005 жылы Ақтау қаласындағы «Маман» оқу орталығында химиялық-физикалық мұнайды талдау зертханасының курсына оқып, зертханашы мамандығын алады. 2007 жылы «Мұнайшы» емханасында қызмет жасап жүрген жерінен, Мұнай дайындау және

өндіріске қызмет көрсету басқармасының Орталық Зертханасына ауысады.

– Екі сала да жаныма жақын. 19 жыл медицина саласында қызмет етсем де, зертханалық жұмысқа да қызығушылықпен қарадым. Оның үстіне әкем Шорабай Құдайбергенов мектепте химия пәнінен сабақ берген болатын, – дейді кейіпкеріміз.

Зертханадағы еңбек жолын 2-дәрежелі зертханашы болып бастап, қазір 4-дәрежеге дейін жеткен. Күн сайын №1,2,4 МГӨБ шыңраулары сынақтарының бойындағы су мөлшерін анықтайды. МСАААҚ және МДЖЖЦ қазандардан әкелінетін сынамалардың механикалық қоспасы, хлорлы тұзы, минералды суы, су мөлшері т.б. химиялық талдаулар жасалынады.

Жұмыспен қоса отбасын қатар алып жүрген кейіпкеріміз бүгінде ұл мен қыздан бірнеше немере, жиен сүйіп отырған сүйікті әже, ақылшы-қамқоршысы. Екі баласының да қаржы мамандығын алуға мұрындық болды. Сол еңбегі ақталып бүгінде қызы Алматы қаласында – есепші, ұлы Қаражанбас кен орнында – экономист болып, қызмет жасайды.

– Бүгін «Үздік маман» атанып отырғаным, өзім үшін үлкен қуаныш. Сайыс әділ өтті.



Еңбегімнің шынайы нәтижесі деп білемін. Сайыстағы жеңісімді тек өзімнің ғана абыройым емес, маған тілеулес болған, көмектескен, қасымда жүріп үйреткен Мұнай дайындау және өндіріске қызмет көрсету басқармасы Орталық Зертханасының бастығы Гүлжан Марленқызы, инженерлер Сәуле Амангелдіқызы мен Меруерт Абайдуллақызы, сонымен қатар барлық әріптестеріме де ортақ жеңіс деп білемін. Көп рахмет айтамын, ұжым жанашырлығы үшін алғысым шексіз, – дейді ағынан жарылып.

Еңбек етуге, өз мамандығына сүйіспеншілікпен қарауына мұрындық болу мақсатында ұйымдастырылып келе жатқан байқауда жеңіске жету – үлкен абырой, табанды еңбек пен кәсіби біліктіліктің шынайы нәтижесі.

Бабы мен бағы келіскен

Кызылорда қаласында өткен «Үздік маман» сайысының жеңімпазы, үздік темір жонушы атанған Байжан Дауылов алғашқы еңбек жолын 2004 жылы Түркменстан Республикасында бастаған. Ол бүгінде өз саласының сайыпқыраны. Темір жонушы Байжан Жиенбайұлы алты жыл «МАЭК-Қазатомпром» мекемесінде еңбек еткен. 2014 жылы «Өзенмұнайгаз» компаниясына қарасты МӨҚЖТЖБ 3-дәрежелі темір жонушы болып ауысады. 17 жыл еңбек өтілімі бар Байжан 2016 жылдан бері «Үздік маман» байқауына қатысып келеді. Сол сәттен бастап ол өзінің біліктілігі мен тәжірибесін жан-жақты көрсетіп келеді.

Ағымдағы жылы ұйымдастырылған байқау Байжан үшін орны ерекше болды. Себебі аталмыш байқауға еліміз бойынша алты компаниядан үздіктердің үздігі қатысқан болатын. «Өзенмұнайгаз» компаниясынан барлығы 26 адам байқауға жолдама алды. Байқауда Байжан Жиенбайұлы күндіз-түні тынымсыз дайындық пен өзінің кәсібіне деген адалдығы мен іскерлігінің арқасында жеңістің дәмін татты. Теория мен тәжірибені ұштастыра отырып,

сайысқа қатысушылар бар білгенін ортаға салып, үздіктер қатарынан көрінуге бел шеше кірісті. Нәтижесінде Байжан Дауылов теориялық кезеңнен өтіп, практикалық турға жолдама алады. Темір жонудың қыр-сырын әбден меңгерген маман үшін бұл кезең аса қиындық тудырмады. Ұйымдастырушылар берген тапсырманы мүлтіксіз орындап, қазылар алқасының ризашылығына ие болды.

– Уайым болмады емес, болды. Бес күн ішінде кәсібім туралы кітап ақтарып, өзімді жан-жақты пысықтадым. Мекеме басшылығының таңдауы маған түскендіктен, жүктелген міндет пен жауапкершілікті сезіндім. Жоғары нәтижеге қол жеткізуге тырыстым, – дейді темір жонушы Байжан.

Бір қызығы Байжанның отбасында ешкімнің темір жонуға қызығушылығы болмаған. Мектеп қабырғасында оқып жүргенде еңбек сабағында темірден әртүрлі кескіндер жасауды ұнатуды еді. Сол қызығушылықтың нәтижесінде ол бүгінде бір мекеменің білікті маманына айналды. Аптасына жеті күн 12 сағат үздіксіз еңбек ететін Байжанды әріптестері білікті маман деп сыйлайды. Бүгінде Байжан



келіншегі Гүлайым екеуі 3 баланы тәрбиелеп отырған үлгілі жанұя.

Байқауда қазылар алқасының қатарынан көрінген Сырлыбай Мұқанов МӨҚЖТЖБ-да аға инженер болып еңбек етеді. Байжанды байқауға баптап, рухани демеу берген ол жыл сайын мықты мамандарын сайысқа апарудан еш қалыспаған. Бабынан гөрі, бағы жанған Байжан Дауыловқа қызметте қомақты табыстарға жете беріңіз дейміз!



КОМПАНИЯ МАҚТАНЫШЫ — БАҚТЫБЕК ЖАҚСЫЛЫҚОВ



АСТАНА ҚАЛАСЫНДА «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫ АРАСЫНДА ӨТКЕН СПАРТАКИАДАДА КІЛ МЫҚТЫЛАРМЕН ЖАРЫСЫП, ЖҮЛДЕЛІ ОРАЛҒАННЫҢ БІРІ – БАҚТЫБЕК ЖАҚСЫЛЫҚОВ. СПОРТШЫ ҮСТЕЛ ТЕННИСИ БОЙЫНША СЫҒА ТҮСІП, ҚОЛА МЕДАЛЬ ИЕЛЕНДІ.

Ол спортты 10 жасынан бастап жанына серік қылды. Сол кезде жергілікті үстел теннисі үйірмесіне тәрбиеленуші жинағанда қызығушылығы оянып, бақ сынап көрген Бақтыбек Жақсылықовтың биыл бұл спортпен айналысқанына 35 жылдың жүзі болыпты.

– Үстел теннисі алғаш үйірмеге барған сәттен өзіне баурап алды. Содан бері үзбей айналысып келемін. Теннис ойнағаннан ләззат аламын. Жұмыстан шаршап келсем де жаттығу залына бүйрегім бұрып тұрады. Сол жаққа барып адреналин алып, демалып қаламын,– дейді.

Кейіпкер мектеп қабырғасында жүріп әуестенген спорттық қабілетін жұмысқа орналасқаннан кейін одан әрмен жетілдіреді. 2001 жылы «Кен-Құрылыс-Сервис» серіктестігіне жұмысқа кіріп, сол жердің құрама командасында болады. 2005 жылы №1 мұнай-газ өндіру басқармасына ауысып, мұнда да спорттан қол үзбейді.

Компания құрамасы сапында жүріп талай белесті бағындырды. Маңғыстау облысы бойынша 4 дүркін чемпион атанып, 2018 жылы Қазақстан Республикасының ардагерлер арасында үстел теннисінен ашық чемпионатта – қола, 2019 жылы – күміс медаль иеленуі – жетістіктерінің бір бөлігі ғана.

Бұл Бақтыбек Жақсылықовтың аталған спартакиадаға – үшінші рет баруы. Осыған дейін ол 5,6 орын иеленіп үздік сегіздікке кіріп жүрсе, биыл тыңғылықты дайындықтың арқасында жүлделі 3-орынға тұрақтады.

– Еліміздің әр өңірінен жиналған «сен тұр, мен атайын» деген мықтылармен сынға түсу – оңайға түскен жоқ. 16 қатысушы 4 топқа бөлініп, әрқайсысымыз 7 айналым ойнадық. Жарыс нәтижесі бойынша алғашқы үштіктегі үшеуіміздің де ұпайымыз тең болғанымен, орын топ ұпайы бойынша үлестірілді, – дейді Бақтыбек.

Ол осындай республикалық деңгейдегі жарыстарға барғанды жақсы көреді. Кәсібилермен сынға түскендегі сезім бөлек көрінеді. «Тәжірибелі теннисшілер облыста да кездескенімен, қала бойынша аса бір бәсекелес жоқ» дейді. Осы тұста жаттығу кезінде өзіне қарсылас болып, шыңдалуына көмек көрсетіп жүрген бапкер Есен Тайжанов пен Жамбыл Атаниязовқа алғысын жаудырды.

Бақтыбек Жақсылықов компания спортзалында және стадионда аптасына 4-5 рет жаттығады. «Күнделікті жаттығуға мүмкіндік болып жатса құба-құп» дейді. Дегенмен жаттығу орындары күн сайын бос бола бермейтін көрінеді. Дайындық 5-7 шақырым жүгіру, дене шынықтыру жаттығуын жасау, 2 сағаттық теннис ойынынан тұрады.

Әкесінің өнегелі ісін көріп, балалары да спортқа жақын болып өсіп келеді. Бақтыбектің екі қызы волейболға қатысса, кенже ұлы өке жолымен тенниспен айналысады. Жас теннисші Әмин Тұяқов атындағы балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде тәрбиеленеді, жасөспірімдер құрамасы қатарында. Бүгінде жарыстарға қатысып, қала мерейін өсіріп жүр.

«Өзенмұнайгаз» туын желбіретіп, абыройын асқақтатып жүрген Бақтыбек Жақсылықовтың сүйікті ісіне деген махаббаты, биіктен көрінуге құлшынысы – көпке үлгі.

Өзіңіздей мықты спортшымен біз мақтанамыз. Дайындалып жүрген чемпионатта жеңіске жетіңіз! Сәттілік серігіңіз болғай, қадірлі әріптес!

Спартакиадада волейболшылар ӨНЕР КӨРСЕТТІ

Астана қаласында өткен спартакиадаға компаниямыздың шапшаң, тәжірибелі жұмысшыларынан құралған волейбол командасы да қатысты. Олар алдымен Ақтау қаласында өткен іріктеу ойындарына қатысып, 24 команда ішінде 2-орынға ие болып, жолдама алған болатын.

Суперфинал ойындарында еліміздің әр өңірінен жиналған 16 команда 4 топқа бөлінді. Топ ішінде үздік ойын көрсеткен «Өзенмұнайгаз» командасы суырылып шығып, жалпы саны 9 командамен кездесті. Кіл мықтының арасында 4-орынға табан тіреді.

– Біздің спортшылар жарады. Үздік үштікке кіргендер – волейболмен кәсіби түрде айналысып жүргендер. Соған қарамастан, біздің жұмысшылар әдемі

ойын көрсетті, – дейді бапкер Есен Тайжанов.

Командада 8 ойыншы болды. Ережеге сәйкес алаңда 4 жігіт 2 қыз өнер көрсеткен. Дайындықта жақсы нәтиже көрсетіп жүрген волейболшылар жарыста да барын салыпты. Жұмысшылар аптасына үш рет жиналып, №1 МГӨБ спорт кешенінде дайындалып жүрген.

Компанияның волейбол құрама командасы спартакиадаға 2019 жылы да барыпты. Ол кезде спортшылар қола медаль иеленген. Бапкердің айтуынша, биыл суперфинал деңгейі анағұрлым жоғарылап, командалар саны да бірнеше есе артқан. Волейболшылар қалпын сақтау үшін



дайындықты жыл бойы жалғастырады. Қазір де спортшылар аптасына үш рет жаттығуды тоқтатпаған. Салауатты өмір салтын ұстанушылар келер жылы да спартакиадада бақ сынамақ.

«Өзенмұнайгаз» Спортшылары — Спартакиада ЖҮЛДЕГЕРІ



23–25 қыркүйек аралығында Астана қаласында «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы арасында өткен Суперфинал жарысында «Өзенмұнайгаз» АҚ спортшылары жүлделі орындарға ие болып, биіктен көрінді.

Жарыс 8 спорт түрінен ұйымдастырылса, компания жұмысшылары арқан тарту, волейбол, шағын футбол, стритбол және үстел теннисінен бақ сынады. Елордада барлығы 31 жұмысшы компания намысын қорғады.

Суперфинал ойындарына Атырау қаласында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай компаниялары арасында ұйымдастырылған жарыс жеңімпаздары, яғни арқан тарту, футбол командасы және теннисші Бақтыбек Жақсылықов тікелей жолдама алған болатын. Стритбол мен волейбол командасы 13-14 тамызда Ақтау қаласында өткен іріктеу арқылы жарысқа аттанды.

Тәжірибелі спортшылар арасындағы додада арқан тарту, футбол командасы жеңіске жетіп, чемпион атанды. Ал теннисші Бақтыбек Жақсылықов қола жүлдені олжалады.

Спортшылар аталған спартакиадаға жыл сайын қатысып жүр. Десе де биыл жарыс деңгейі жоғарылаған көрінеді. Бапкер Есен Тайжановтың айтуынша, оған себеп – командалардың көбеюі.

– Былтыр іріктеуге 9 команда қатысқан болатын. Биыл оның саны 3 есеге артып, 27-ге жетіп отыр. Осыдан-ақ, жарыстың деңгейінің өзгергенін байқауға болады. Биылғы жарыс нәтижесінің көрсеткіші де – жоғары. Барлығы – спортшыларымыздың еңбегінің жемісі, – дейді бапкер.

Жарыс қатысушылары келесі спартакиадаға да баруды жоспарлап отыр. Бапкерлер келесі жылы дайындықты одан әрі күшейтіп, барлық спорт түрін қамтуға ниетті.

Ендеше компания беделін арттырған жұмысшыларға мың алғыс дейміз! Алдағы жарыстарда тек сәттілік!



САЛАУАТТЫ ӨМІР - ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ

«ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР ӨЛЕМІ» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫНЫҢ «САЛАМАТТЫ БОЛАШАҚ» ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ИНКЛЮЗИВТІ СПОРТ СЕКЦИЯЛАРЫ ОСЫДАН БІР ЖЫЛ БҰРЫН ЖАҢАӨЗЕНДЕ ДЕ АШЫЛҒАН ЕДІ. МАҚСАТЫ – ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРДЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫН ЖАҚСARTU, ӨЗДІГІНЕН ӨРЕКЕТ ЕТУГЕ, БЕЙІМДІК ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУМЕН АЙНАЛЫСУҒА МҮМКІНДІК ЖАСАУ.

Жоба Жаңаөзенде жоғарыда аталған қордың бас серіктесі «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «KMG EP-Catering» ЖШС мен Маңғыстау облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының қолдауымен жүзеге асырылды. Алғашында паралимпиадалық спорт түрі – бочча, сонымен қатар адаптивті жүзумен басталған секциялар қатары бүгінде бейімдік хореографиямен толықты. Жаттығулар Р.Өтесінов атындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде өткізіледі.

Қордың әлеуметтік жобасы Маңғыстау облысы бойынша Ақтау және Жаңаөзен қаласында, жалпы еліміз бойынша 15



шақты өңірде жұмыс жасайды. Жыл сайын танымалдылығы артып келе жатқан әлеуметтік жоба 700-ден астам баланы қамтыды. Балалар жүйелі түрде әртүрлі жарыстарға қатысады. Жергілікті кадрлар адаптивті дене шынықтыру бойынша тегін оқудан өткізіліп, оқу-әдістемелік сүйемелдеу мен арнайы спорттық құрал-жабдықтар беріледі.

– Жаңаөзен бойынша боччаға 14, жүзуге 14, бір ай бұрын ғана ашылған хореографияға 10 бала қатысады. Бочча мен хореографияда бір тренерден, ал адаптивті жүзуде екі тренер жұмыс жасайды. Бір бала үш спорт түріне қатысам десе де шектеу қойылмайды. Секцияларға қатысуға ниеттілер көп болғанымен, көлікпен тасу және түскі уақытқа қойылған

жаттығулар көпшілікке қиындық туғызып отыр. Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі бөлген арнайы көлік сейсенбі күні тасымалдау қызметін жасайды. Ал сенбіде қатысушылар өздері келуіне тура келеді, – дейді жобаның Маңғыстау облысы бойынша координаторы Феруза Илияқызы.

Функционалдық шектеулері бар балалар мен жасөспірімдердің коммуникативті дағдыларын арттыруға септігін тигізетін секциялардың қаламыздан ашылғаны барлығы үшін игілікті іс болды. Тұрақты түрде жаттығулардан қалмай келіп жүрген ата-аналар өз балаларының әлеуметтік дағдылары жақсарғанын байқауда.

– Тұңғыш ұлым Райымбек туа біткен БЦП шалдыққан. Біз бір жыл бойына бочча спортына қатысып келеміз. Нәтижесі өте жақсы. Оң өзгерістер орын алуда. Бұрын тұйық болатын. Қазір көпшілікпен араласып, өзінің сүйікті ісімен айналысуға жол ашылды. Жаттығу аптасына үш рет өтсе дейміз. Үй жағдайында жаттығу үшін бочча доптарын анасымен бірге қолдан жасап бердік, – дейді Қайрат Төрешов.

Жаңаөзендік жас спортшылар «CHILDREN PARALYMPIC GAMES» инклюзивті спорт фестивалі және боччадан ҚР чемпионатына алғаш рет қатысқан. Онда бочча спортынан Нұрдәулет Кужакбаев, Дамир Әлімжан, Бекзат Өмірбеков I орын, Жанаргүл Төрмұратова II орын, бейімделген жүзуден Азамат Пасыров I орын, Ақырыс Айдын мен Әлімжан Сәрсен II орын иеленген. Астана қаласында өткен жарысқа 9 спортшы барған. Бұл орайда бочча жаттықтырушысы Гүлпере Қадырова аз уақыт ішіндегі үлкен жетістігіміз дейді.

– Физикалық қабілет, стратегиялық ойлауды дамытуға көмектесетін бочча спорты бүгінгі таңда жақсы дамып келеді. Еліміз бойынша дәл осы спорт түрінен әртүрлі жарыстар ұйымдастырылуда. Қаржы жағынан тұрақты демеушілер болса, сол додаларға қатысар едік. Сондай-ақ бізге арнайы бочча шарларының екінші жинағы (300 мың теңге тұрады) қажет. Қатысушыларға мүмкіндігі шектеулі деп емес, спортшы ретінде қараймын. Жетістікке жеткендерін қалаймын, – дейді бочча жаттықтырушысы.



МҰНАЙШЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ



[әңгіме]

ҚҰРБЫЛАР

Шағын қалашықтағы медколледжде оқитын қыздар қысқы сессиядан құтылып, ыраң-тыраң етіп жатқан жайлары бар. Мәдина шай демдеп, жақын жердегі тәттілер дүкенінен кішкентай торт әкелді. Мәз болып шай ішкен құрбылардың ішіндегі ең пысығы Гүлжан көрші бөлмедегі қыздардан шаймен пал ашатын орыс кемпір туралы біліп қайтты.

– Болашағын болжатқысы келіп жүрген адамдар ырғын көрінеді. Таңертең кезек сайлағаннан кешке бір-ақ кіретін көрінеді. Әлгі кемпірдің айтқаны бар ғой айна-қатесіз келетін көрінеді. Өллә-біллә, – деді алқынып.

Жатақхананың бір бөлмесінде тұрып жатқан төрт қыз желігіп, аяқ астынан әлгі кемпірге баратын болып шешім қабылдады. Шай асығыс ішілді. Қыздар киініп-баянып, такси шақыртты. Кемпір базардың қасындағы жұпынылау үйде тұрады екен. Гүлжан айтқандай кезек күтіп,

аяғынан сарсылып тұрған тірі пендені көрсе бұйырмасын.

Кірпияз Гүлсімнің күлімсі иіс шығатын кемпірдің үйіне кірген бойдан жүрегі айнығандай болды. Сасқаннан мұрнын беторамалымен көлегейлеп, әбігерге түсті. Кемпірдің шынаяғына да күмәнмен қарады.

Төгетері бұлар кемпір құйып берген шайды сарқып ішіп, оны қолымен толғай айналдырып, шыныаяқты табақшаға төңкеру керек екен. Кемпір саманы оқиды. Соған қарап бұлардың болашағын болжайды. Бар болғаны осы!

Орыс кемпір Хадишаға бір жылдан қалмай тұрмыс құрасың деді. Мәдинаға саған ұзын бойлы, ақылды жігіт өлердей ғашық болып жүр. Алайда жақындауға батылы жетпей жүр деп екіұдай болжам айтты. Гүлжанға ойламаған жерден өзінің сүйіктіңді кездестіріп, екеуіңіз саяхатқа кетесіңдер. Жолды көріп тұрмын. Ұзын жолды көріп тұрмын, – деп шыныаяқтағы самаға мұрны тигенше үңілді.

Гүлсімге мол табысқа кенеліп, дегеніңе жетесің деді. Қойшы әйтеуір кемпір төртеуін сөзбен жарылқап, қарық қылды. Шай деп айтуға келіңкіремейтін кір су құйып берген кемпір 15 минуттың ішінде төрт қыздан сегіз мың теңге шатырлатып санап алды. Студент қыздар ақшаны беріп тұрғанда сыр бермегенмен, іші удай ашыды. Олар кәдімгі алаяққа алданып қалғандай жайсыз сезімде болды.

– Нақты ештеңе де айтқан жоқ. Тисе терекке, тимесе бұтаққа деп, әрпіл-тәрпіл сөйлеп, ақшамызды қағып алды. Алаяқ екені көзінен көрініп тұр, – деп құрбылар Гүлжанға шүйлікті. Өзін кінәлі сезінген Гүлжан үндемей құтылды. Кезекті демалыстың бірінде түскі ас ішіп болған құрбыларына Гүлжан адам естімеген көріпкел әйелдің адамның өткенін, бүгінін, ертеңін жатқызып-тұрғызып жатқанын айтып келді. Құрбылар тез-тез жиналып, шағын бөлме жалдап тұрып жатқан әлгі көліншекті тауып алды. Өлеміштеніп киініп алған көріпкел дөңгелек үстелді қоршай отырған қыздардың алдына дөңгелек шар сияқты әйнектен жасалған нәрсені әкеліп, осыған көз алмай қарап отырамыз деп бұйрық берді. Содан телміру басталды да кетті.

– Мені тірегі сынғандар көп іздеп келеді. Біз көкірек көзіміз бен түпсанамызды тазартуымыз керек. Бастағы қоқыстан құтылмасақ, адам болмаймыз. Бойымыздағы ашуымызды басамыз, санамызды тәртіпке келтіреміз. Ұстамдылықты арттырамыз. Мен сендерге шабытпен өмір сүруді үйретемін, – деді.

Гүлсімнің ойы онға, санасы санға бөлініп, терезеге жалтақтай берді. Өзгелерінің де жетісіп отырғаны шамалы. Бір кезде Хадиша мырс етіп күліп жіберді. Содан кетті дейсің... күлкі қабының аузы ашылып.

Көріпкел қатты ашуланып, бұларды үйінен қуып шықты. Көшеге шыққан соң да төрт қыз күлкісін біразға дейін баса алмады. Уайымы емтихан мен тамақтан аспайтын, сырдың суы сирағынан келмейтін бақытты қыздарға қауырт тірлік кешіп жүрген көшедегі ығы-жығы жүргіншілердің бәрі қызыға қарап қалды.

Бибігүл Бөбекбай

Туған жерім

*Туған жер маған ыстықсың әркез ерекше,
Ұямнан ұшып, алыстап сенен кетсем де,
Жыл құсындай айналып саған жетемін,
Қайта оралып келетін жылы көктемде.*

*Туған жер маған ыстықсың әркез ерекше,
Жүрегім саған соғысы да ерекше.
Туған жерім, аяулы менің мекенім,
Сағынып жүрем, өзіңді қайта көргенше.*

*Туған жер маған ыстықсың әркез ерекше,
Жерің де, тасың, құмың да бәрі өзгеше.
Сағындырып өзіңе мені тартатын,
Табиғаттың құдірет деген күші осы.*

*Туған жер маған ыстықсың әркез ерекше,
Балалық шағым өзіңде қалған елестер.
Табындырып, сағындырып, баулитын,
Балалығым, балалық шағым емес пе!*

Ана тілім!

*Халқымның даналығы құдіреті,
Тілімен өлшенеді қасиеті.
Анаңның ақ сүтімен даритұғын,
Ұрпағы мақтан өтер басын иіп.*

*Адамның ар-ожданы парасаты,
Мақтансаң өз тіліңмен жарасымды.
Бабалар мұра етіп тастап кеткен,
Жырларды, шежірені, дастандарды.*

*Әр адам өз тілімен өркендейді,
Жетектеп мұратына жетелейтін.
Өз тілің-жаның, сәнің, кес-келбетің,
Ең таза әдемі тіл жер бетінде.*

*Ұлтымның мақтанышы, қастерлі ұғым,
Қазақтың мәртебесі бар болмысы.
Өз тілін сүймейтұғын адамдардың,
Қалайша Қазақ болып жаратылды.*

*Қызынаң бойыңдағы бар байлығың,
Тұмарың тағып жүрер мойыныңа.
Қастерлеп ана тілін дәріптейік,
Қазақтың қаны болса бойыңызда.*

Рәмила Гимранқызы,
№3 МГӨБ жұмыскері



Кино адамды өзгертеді

2016 жылы жарыққа шыққан режиссер, сценарист, продюсер Нұртас Адамбайдың «Тараз» фильмін көруге кеңес береміз. Шытырман оқиғалы фильмде қарапайым кеш нағыз трагедиямен аяқталады.

Тараздың түнгі клубына Айдардың қуанышы үшін жиналған достардың бірі кездейсоқ жергілікті қылмыстық топтың ұлы Әлимен қақтығысып қалады. Жанжалдың зардабы болса ауыр, қылмыстық топтан кешіріммен құтылуға келмес. Осыны түсінген достар оқиға куәгері студент Айжан мен такси жүргізушісін алып Алматыға қашуға мәжбүр болады. Фильмде бас және қосалқы кейіпкерлердің өмірі, толғаныстары, әрқайсысының артында қалған проблемалары мен күнделікті өмірге қайта орала алмайтындығын түсінген сәттері, тіршілік қамы үшін жасаған әрекеттері керемет жеткізілген. Әрбір көрініс драмаға, шиеленіске толы. Кейіпкерлер үшін шынайы уайымдап, көзге жас аласыз. Фильм көрерменге ашуға бой алдырып, асығыс іске бармас үшін, өкінетіндей іс жасамай, жағдайды жеткілікті түрде қабылдау керек екенін ескертеді. Отандық киноны көріңіз, өкінбейсіз!



ЗАМАННЫҢ ДАМУЫМЕН ҚОҒАМНЫҢ ӨМІР СҮРУ ДАҒДЫСЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА ДЕГЕН КӨЗҚАРАСЫ, ҚАБЫЛДАУЫ БАРЛЫҒЫ ДА ӨЗГЕРЕДІ. БҰРЫН ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ДҮНИЕЛЕР БҮГІНДЕ ҚАЛЫПТЫ НӘРСЕГЕ АЙНАЛУЫ ЗАҢДЫЛЫҚ. БҰЛ ОРАЙДА ЕЛІМІЗДЕ БЕЛЕҢ АЛЫП ОТЫРҒАН АЖЫРАСУ МӘСЕЛЕСІН АЙТА КЕТУГЕ БОЛАДЫ.



Біз неге ажырасамыз?!

Соңғы жылдары әйелдер құқығы қоғамда айқын көрініс таба бастағаннан ажырасу мәселесі алдыңғы орынға шықты. Әлем елдері рейтингінде Қазақстан ажырасу бойынша алғашқы ондыққа кіреді екен. Ажырасудың себептері көп болғанымен, соның бірі – екі жастың арасына туыстардың араласуы болып табылады. Бірнеше адамның жан-дүниесіне қайғы, ертеңгі күніне сенім-сіздік әкелетін бұл мәселеде ерлі-зайыптылардың жеке шекарасын сақтау маңызды.

Өмір сүруді үйретемін деп жүріп шаңырақтың шайқалуына себепші болып қалу қаупі бар. Үйге түскен келінді, қызыңыз таңдаған ер азаматты қабылдамау отбасыда кикілжіңдердің пайда болуына әкеледі. Кішкентай реніштер үлкен ұрысқа ұласады. Жүйкені тоздырып, қатты шаршауға жаңа адамдар себепші болатын болса психологтар бөлек тұруға кеңес береді.

Отбасылардың құлауына себепкер болмайық!

Өмір егер ащыны бермесе, тәттіні білер ме едік, тәттіні бермесе, ащыны білер ме едік?

Ғабиден Мұстафин



РУХАНИ АЗЫҚ

Кітап адамды өзгертеді

Роберт Маурер «Өміріңді өзгертер қарыс қадам» деген кітабын оқуға кеңес береміз.

Кітаптан түйген ойымыз мынау:

Бір-бірінің көңілін тауып, бір-біріне қамқорлық танытатын ерлі-зайыптылар одағы мықты болады екен.

Автор бізге «қауырт тірлікте мейірімді бол, сүйіктіңе жағымды үнмен жауап бер, бір-біріңізге ықылас танытыңыз» – деген қарапайым кеңес береді.

Кітапты оқыңыз, жетілесіз, дамисыз, жақсы жаққа қарай өзгересіз!

Спортшылар стритболдан БАҚ СЫНАДЫ

Компания жұмысшыларынан құралған стритбол командасы Астана қаласында өткен спартакиадада сынға түсті. Олар ел бойынша жиналған 16 команданың төртеуімен кездесті.

Стритбол – баскетболдың бір түрі. Бар айырмашылығы – ойыншы санының аз болуы және тек жарты алаңды қамтуында. Мұнда үш адамнан құралған екі команда бір сақинаға доп лақтырып, ұпай жинауға таласады.

Аталған спорт түрі бойынша компания спортшылары, алдымен, Ақтау қаласында өткен іріктеу ойындарына қатысты. Мұнда еліміздің батыс аймағын (ан жылғы 20-ға жуық команда бақ сынады. Солардың ішінде өзен-



мұнайгаздықтар 2-орын иеленіп, суперфиналға жолдама алды.

Бұл стритболшылардың спартакиадаға екінші рет баруы. 2019 жылғы VI спартакиада ойындарында 4-орын иеленген.

– Биылғы суперфинал деңгейі

айтарлықтай жоғары болды. Командалардың шеберлігі артып, тәжірибе жинақтаған. Бұрынғымен салыстырғанда топтан шығудың өзі қиын болды, – дейді команда капитаны Дәурен Ізімов.

Стритбол бойынша компания намысын қорғауға 4 ойыншы аттанды. Олар аптасына екі рет Р.Өтесінов атындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде дайындалған. Тыңғылықты дайындықпен барған спортшылар жарыста барын салыпты.

Қазіргі таңда стритболшылар әдеттегі дайындығын жалғастыруда. Олар желтоқсан айында компания ішінде өтетін жарысқа қатыспақ. Келер жылы спартакиадаға тағы қатысуға ниетті.